

БЕКІТІЛДІ

«Торайғыров университеті» КеАҚ

Директорлар кеңесінде

Хаттама 2025 ж. «25» 06 № 6



2025-2026 жылдарға арналған

жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша КеАҚ «Торайғыров университеті» оқуға қабылдау ережесі (магистратура, докторантура)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын КеАҚ «Торайғыров университеті» (бұдан әрі TOU) оқуға қабылдаудың ережелері "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына сәйкес әзірленді (2024.03.05 № 212 өзгерістер мен толықтырулар).

2. «Торайғыров университеті» КеАҚ (бұдан әрі – TOU) магистранттарын, докторанттарын қабылдау ғылыми-педагогикалық және бейінді бағыттар бойынша кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру арқылы, сондай-ақ білім алушылардың бюджеттен тыс және өз қаражаты есебінен оқуға ақы төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. TOU-ға оқуға қабылдаудың тәртібі

3. Магистратураға, докторантураға қабылдау кешенді тестілеу (бұдан әрі-КТ) немесе түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Магистратураға, докторантураға шетелдіктерді қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу құқығы магистратура бағдарламалары бойынша стипендиялық бағдарламаларды есепке алмағанда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

Мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін үш жыл ішінде бейінді магистратураға ақылы негізде мерзімді әскери қызмет өткерген адамдарды қабылдау TOU қабылдау комиссиялары күнтізбелік жыл ішінде өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша түсу емтихандарынсыз жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

4. TOU немесе ғылыми ұйымдарға шетел азаматтарын ақылы негізде қабылдау TOU немесе ғылыми ұйымдардың қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесудің нәтижесі бойынша күнтізбелік жыл бойы жүзеге асырылады. Бұл ретте, шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбесіне сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына 5 (бес) күнге дейін жүргізіледі.

5. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар заңнамада белгіленген тәртіппен танылады.

Шет тіліндегі құжаттар мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасымен бірге беріледі.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

6. Құжаттарды қабылдау және түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру үшін TOU-да қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы TOU Басқарма Төрағасы- Ректор немесе оның міндетін атқарушы тұлға болып табылады.

Қабылдау комиссиясының құрамы және қызметі TOU Басқарма Төрағасы- Ректор немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.

Докторантураға түсушілер үшін қабылдау комиссиясы:

1) түсушілерге таңдаған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары тобының мәселелері бойынша консультация беру, түсу емтиханының рәсімімен таныстыруды;

2) түсушілердің құжаттарын қабылдау мен тексеруді ұйымдастыруды;

3) білім беру бағдарламаларының тобы бойынша түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Магистратураға түсушілер үшін қабылдау комиссиясы:

1) түсушілерге таңдаған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары тобының мәселелері бойынша консультация беруді, КТ рәсімімен таныстыруды;

7. TOU магистратурасына түсушілердің өтініштерін қабылдау TOU -ның қабылдау комиссиялары және (немесе) ҰТО-ның ақпараттық жүйесі арқылы келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

1) күнтізбелік жылғы 1 маусымнан 8 шілдеге дейін;

2) күнтізбелік жылғы 28 қазаннан 10 қарашаға дейін.

IELTS (International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем), TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Интернет бейзид тест), DSH (Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (дойче шпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган), TestDaF-Pruefung (тестдаф-прюфун), TFI (Test de Franzais International (Тест де франсэ Интернациональ), Diplome d'Etudes en Langue francaise (Диплом дэтюд ан Ланг франсэз), DALF (Diplome Approfondi de Langue francaise (Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз), TCF (Test de connaissance du franzaais (Тест де коннэссанс дю франсэ) шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттары және стандартталған GRE (Graduate Record Examinations (Грэдуэйт рекорд экзаменейшенс) тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаттары бар тұлғаларға КТ-ға электронды форматта және конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде сертификат деректерін енгізу қажет.

Жоғарыда көрсетілген сертификаттардың балдарын аудару республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру жөніндегі конкурсқа қатысу үшін өтініш бергеннен кейін немесе Ережелерге 2-қосымшаларға сәйкес ақылы негізде TOU -ға қабылданған кезде жүзеге асырылады.

TOU докторантураға түсушілердің өтініштерін қабылдауды TOU қабылдау комиссиялары және ҰТО-ның ақпараттық жүйесі арқылы келесі мерзімдерде жүргізеді:

1) күнтізбелік жылғы 3 шілдеден 3 тамызға дейін;

2) күнтізбелік жылғы 25 қазаннан 10 қарашаға дейін.

GRE (Graduate Record Examinations (Грэдуэйт рекорд экзаменейшенс) халықаралық стандартталған тест сертификаты бар тұлғалар түсу емтиханына қатысу үшін өтініш берген кезде сертификат деректерін енгізуі қажет.

Көрсетілген сертификат балдарын түсу емтиханының балдарына ауыстыру Ережелерге 3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысуға өтініш берген кезде немесе TOU -ға ақылы негізде қабылдау кезінде жүзеге асырылады.

GRE (Graduate Record Examinations (Грэдуэйт рекорд экзаменейшенс) халықаралық стандартталған тест сертификатының балдарын КТ немесе түсу емтиханының балдарына ауыстыру бөлек блоктар бойынша жүзеге асырылмайды.

Докторантураға білім беру бағдарламаларының тобы бойынша түсу емтихандары келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

1) күнтізбелік жылғы 4 тамыздан 20 тамызға дейін;

2) күнтізбелік жылғы 19 қарашадан 11 желтоқсанға дейін.

Түсуші өтініш беру кезінде бір TOU мен бір білім беру бағдарламасының тобын көрсетеді.

Докторантураға түсуші тұлғалар мынадай құжаттар топтамасын тапсырады:

1) еркін нысандағы өтініш;

2) білім туралы құжат (құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырған кезде түпнұсқасы);

3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);

4) шетелдік азаматтарды қоспағанда, ҰТО берген мемлекеттік тіл бойынша емтихан тапсырғаны туралы ресми сертификат (ҚАЗТЕСТ);

5) шет тілін меңгергенін растайтын сертификат:

ағылшын тілін меңгеру бойынша:

International English Language Tests System Academic (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем Академик) (IELTS Academic) (АЙЛТС Академик), шекті балл кемінде – 5.0;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг програм Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT) (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл кемінде – 35 балл;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж институшинал тестинг програм) (TOEFL ITP) (ТОЙФЛ АЙТИПИ), шекті балл кемінде – 417;

TOEIC (Test of English for International Communication (Тест ов Инглиш фо Интернейшнал комуникэйшн)), шекті балл кемінде – 550;

Duolingo English Test (Дуолинго Ингиш тест), шекті балл кемінде – 80;

неміс тілін меңгеру бойынша:

Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang Niveau B1 (дойче щпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган ниво B1) (DSH, Niveau B1) (ДЙСИЭИЧ, ниво B1) – B1 деңгейінен төмен емес;

TestDaF-Pruefung Niveau B1 (тестдаф-прюфун ниво B1) (TDF Niveau B1) (ТЙДИЭФ, ниво B1) – B1 деңгейінен төмен емес;

француз тілін меңгеру бойынша:

Test de Français International (Тест де франсэ Интернасиональ) (TFI) (ТФИ) - оқу және тыңдау секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес;

Diplome d'Etudes en Langue français (Диплом дэтюд ан Ланг франсэз) (DELF) (ДЭЛФ) – B1 деңгейінен төмен емес;

Diplome Approfondi de Langue français (Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз) (DALF) (ДАЛФ) – B1 деңгейінен төмен емес;

Test de connaissance du français (Тест де коннэссанс дю франсэ) (TCF) (ТСФ) – B2 деңгейінен төмен емес;

6) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама;

Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады.

7) 3x4 сантиметр көлеміндегі цифрлік фотосурет;

8) шетелдік азаматтарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек қызметін растайтын құжат;

9) соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми жарияланымдар тізімі (болған жағдайда), зерттеулер жүргізу жоспары және эссе.

4), 5) және 8) тармақшаларда көрсетілген құжаттар түпнұсқада және көшірмелерде ұсынылады, салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж институшинал тестинг програм) (TOEFL ITP) (ТОЙФЛ АЙТИПИ) сертификаты бар тұлғалар докторантураға түсу емтиханы басталғанға дейін ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді (бұдан әрі – қосымша тестілеу) тапсырады.

Қосымша тестілеудің тест тапсырмаларының саны 100 сұрақты құрайды. Ең жоғарғы балл саны 100 балды құрайды.

Қосымша тестілеу "өтті" немесе "өтпеді" деген нысанда бағаланады. "Өтті" деген бағаны алу үшін кемінде 75 балл жинау керек.

Қосымша тестілеуді ҰТО ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізеді.

Қосымша тестілеудің өткізілу күні, уақыты және орны түсушіге оның жеке кабинеті арқылы жолданады.

Қосымша тестілеу нәтижелері қосымша тестілеу аяқталғаннан кейін компьютер экранында көрсетіледі.

Қосымша тестілеу нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол ҰТО сайтында жарияланады және расталады және түсушінің жеке кабинетіне жіберіледі.

-4-20 тамыз аралығында өткізілген қосымша тестілеу сертификаты күнтізбелік ағымдағы жылғы 1 желтоқсанға дейін жарамды.

-18 қараша мен 11 желтоқсан аралығында өткізілген қосымша тестілеу сертификаты келесі күнтізбелік жылғы 1 наурызға дейін жарамды.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесін толық ұсынбаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

Магистратура мен докторантураға қабылдау келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

1) күнтізбелік жылғы 15 тамыздан 28 тамызға дейін;

2) күнтізбелік жылғы 26 желтоқсаннан 10 қаңтарға дейін.

7-1. MBA (MBA) және DBA білім беру бағдарламаларына түсу емтихандарын өткізу және қабылдау мерзімдерін TOU дербес айқындайды.

MBA (MBA) және DBA білім беру бағдарламалары бойынша оқу ақылы негізде жүзеге асырылады. Бұл ретте, MBA (EMBA) және DBA бағдарламаларына қабылдауды Заңның 9-1-бабына сәйкес аккредиттеуден өткен ЖЖОКБҰ-лар жүзеге асырады.

1-параграф. Магистратураға қабылдау және түсу емтихандарын, КТ өткізу

8. Магистратураға жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын игерген адамдар қабылданады.

9. Магистратураға түсуші адамдар күнтізбелік жылғы 25-28 тамыз аралығында TOU – ға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) TOU -ның қабылдау комиссиясы арқылы немесе "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы ережелерге 1-қосымшаға сәйкес "Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – Негізгі талаптар тізбесі) 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын тапсырады.

Қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі Негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер, жоғары білім туралы бар екендігін көрсететін құжат, медициналық анықтама көрсетілетін қызметті берушіге тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға өтініш келіп түскен күні "Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10348 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 39 бұйрық) бекітілген нысан бойынша құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады не көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Портал арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұраудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші олар түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол өтініш берушінің порталдағы "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға TOU -ға қабылдау үшін құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі, хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті

алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылғы 28 тамызға дейінгі мерзімде ұсынады.

Құжаттарды қабылдағаннан кейін TOU Басқарма Төрағасы - Ректор көрсетілетін қызмет алушыны TOU -ға магистранттардың қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

Көрсетілетін қызметті беруші Негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

Келісуші мемлекеттік органның жауабы теріс болған не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін өзге де негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші рұқсат немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды береді.

9-1. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган осы Ережелерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты олар қолданысқа енгізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Бірыңғай байланыс орталығына, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және көрсетілетін қызметті берушіге жолдауды қамтамасыз етеді.

9-2. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

10. Ғылыми-педагогикалық магистратураға түсуші тұлғалар шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тестілеуден, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуден, оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тестілеуден тұратын КТ тапсырады.

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсуші тұлғалар таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуден тұратын КТ тапсырады.

Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсуші тұлғалар ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуден тұратын КТ тапсырады.

11. КТ өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18657 болып тіркелген) бекітілген Кешенді тестілеу өткізудің қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

КТ-ны Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі (бұдан әрі - ҚР ҒЖБМ) айқындайтын КТ өткізу пункттерінде ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығы (бұдан әрі – ҰТО) өткізеді.

КТ нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол ҰТО сайтында расталады.

КТ-ны тапсыру кезеңінде оларды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

12. Магистратураға түсетін тұлғалар шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат болған кезде, Ережедегі 2.3-қосымшаға сәйкес балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес келесі тілдер бойынша аударыла отырып, шет тілі бөлімінен өз қалауымен босатылады:

ағылшын тілі: IELTS Academic (International English Language Testing System Academic);

TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test);

неміс тілі: DSH (Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang), TestDaF-Prüfung;

француз тілі: TFI (Test de Français International™), DELF (Diplome d'Etudes en Langue française), DALF (Diplome Approfondi de Langue française), TCF (Test de connaissance du français).

"Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы" білім беру салаларының білім беру топтары бағдарламаларына, сондай-ақ "Гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар", "Бизнес және басқару" кадрларын даярлау бағыттары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар Ережелерге

3-қосымшаға сәйкес балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес GRE (Graduate Record Examinations) стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты болған кезде оқыту қазақ немес орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық магистратураға КТ оқуға дайындығын айқындауға арналған тесттен және шет тілі бөлімінен босатылады.

"Бизнес және басқару" кадрларын даярлау бағыттарының білім беру бағдарламалары топтары бойынша магистратураға түсуші тұлғаларға GMAT (Graduate Management Admission Test) стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты болған кезде Ережелерге 5-қосымшаға сәйкес балдарды аудару шкаласына сәйкес қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде оқытатын магистратураға КТ тапсырудан босатылады.

GMAT стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар тұлғалар республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім

беру гранттарын беру бойынша конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде немесе ақылы негізде TOU -ға қабылдау кезінде сертификат деректерін енгізуі қажет.

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы мен қолданылу мерзімін республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру жөніндегі конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде немесе ақылы негізде TOU -ға қабылданған кезде TOU қабылдау комиссиясы тексереді.

Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік ЖОО аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар тұлғалар 5 жыл ішінде оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға КТ тестілеуінің "Шет тіл" (ағылшын тілі) бөлімін тапсырудан босатылады.

13. Магистратураға түсушілер өтініште білім беру бағдарламаларының бір тобын және 3 (үш) ЖОО-ға дейін көрсетеді.

КТ нәтижелері өткізілген күні жарияланады.

2-параграф. Докторантураға қабылдау және түсу емтихандарын өткізу

14. Докторантураға "магистр" дәрежесі және кемінде 9 ай еңбек өтілі бар тұлғалар қабылданады.

15. Докторантураға түсуші тұлғалар күнтізбелік жылғы 22 мен 28 тамыз аралығында көрсетілетін қызметті берушіге (TOU -ның қабылдау комиссиясы арқылы) немесе портал арқылы осы Ережелерге 1- қосымшаға сәйкес Негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын тапсырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі Негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.

Жеке басын куәландыратын құжаттар, жоғары білімі туралы құжат, медициналық анықтама туралы мәліметтер көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ұсынылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады немесе көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Құжаттарды портал арқылы берген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші олар түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол өтініш берушіге порталдағы "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда қызмет берушіге TOU -ға қабылдау үшін құжаттарды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін

қызметті берушіге құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылғы 28 тамызға дейін ұсынады.

Құжаттарды қабылдағаннан кейін TOU басшысы көрсетілетін қызметті алушыны TOU докторанттары қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

Көрсетілетін қызметті беруші Негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

15-1. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган осы Ережелерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты олар қолданысқа енгізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Бірыңғай байланыс орталығына, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және көрсетілетін қызметті берушіге жолдауды қамтамасыз етеді.

15-2. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

16. Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша мақсатты даярлау аясында тұлғалардың өтініштерін (еркін түрде) қабылдау TOU -да жүргізіледі.

17. Докторантураға түсушілер шет тілін маңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілікке (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынады:

ағылшын тілі: IELTS Academic (International English Language Testing System Academic), шекті балл кемінде – 5,0;

TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), шекті балл кемінде – 35;

TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm), шекті балл – кемінде 417;

TOEIC (Test of English for International Communication (Тест ов Инглиш фо Интернейшнал комуникэйшн)), шекті балл – кемінде 550;

Duolingo English Test (Дуолинго Ингиш тест), шекті балл – кемінде 80;

неміс тілі: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (DSH, NiveauB1/B1 деңгейінен төмен емес), TestDaF-Pruefung (Niveau B1/B1 деңгейінен төмен емес);

француз тілі: TFI (Test de Franzais International™) – оқу және тыңдау секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес), DELF (Diplome d'Etudes en Langue franzaise) – B1 деңгейінен төмен емес, DALF (Diplome Approfondi de Langue franzaise) – B1 деңгейінен төмен емес, TCF (Test de connaissance du franzais) – B1 деңгейінен төмен емес;

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы мен жарамдылық мерзімін TOU -ның қабылдау комиссиялары тексереді.

TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm) сертификаты бар тұлғалар докторантураға түсу емтиханы басталғанға дейін қосымша тестілеуді тапсырады.

Қосымша тестілеудің тест тапсырмаларының саны 100 сұрақты құрайды. Ең жоғарғы балл саны 100 балды құрайды.

Қосымша тестілеу "өтті" немесе "өтпеді" деген нысанда бағаланады. "Өтті" деген бағаны алу үшін кемінде 75 балл жинау керек.

Қосымша тестілеуді ҰТО ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізеді.

Қосымша тестілеудің өткізілу күні, уақыты және орны түсушіге оның "жеке кабинеті" арқылы жолданады.

Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік ЖЖОКБҰ-ны аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар тұлғалар 5 жыл ішінде осы тармақта көрсетілген шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынбайды.

18. Докторантураға түсу емтиханы қағаз немесе компьютерлік форматта өткізіледі.

Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша компьютерлік форматтағы түсу емтиханы 5-қосымшаға сәйкес ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізіледі.

Түсу емтихандарының өткізілу күні, уақыты және орны түсушіге оның "жеке кабинеті" арқылы жолданады.

18-1. Докторантураға түсу емтиханы мынадай блоктардан тұрады:

1) оқуға түсушімен TOU -ның емтихан комиссиясы өткізетін әңгімелесу;

2) эссе жазудан;

3) білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптардан тұрады.

10-қосымшаға сәйкес қорытынды баға эссені бағалау, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына берілген жауаптар мен әңгімелесу нәтижелеріні қосу арқылы қосындысынан алынған балдар жиынтығынан тұрады.

Докторантураға түсу емтиханына 3 сағат 30 минут (210 минут) беріледі, оның ішінде:

әңгімелесуге – 20 минут;

эссе және білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар жазуға – 190 минут (3 сағат 10 минут).

Бұл ретте, көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған мүгедектерге "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту

туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32922 болып тіркелген) бекітілген мүгедектікті белгілеу туралы құжатты ұсынған жағдайда түсу емтиханын тапсыруға 60 минутқа дейін қосымша уақыт беріледі.

Түсу емтиханы аяқталған соң түсушінің эссе және білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарының бөлімдері бойынша жауаптары өзі таңдаған TOU -ға өңдеу және бағалау үшін жіберіледі.

Түсу емтиханының нәтижесі түсу емтиханы өткізілгеннен кейін келесі күні жарияланады.

Түсу емтиханының және (немесе) апелляцияға өтінішті қарау (апелляцияға өтініш берген жағдайда) нәтижелері бойынша түсушіге ҰТО-ның сайтында жарияланатын және түсушінің жеке кабинетіне жолданатын электрондық сертификат беріледі.

Түсу емтиханының электрондық сертификаты ҰТО-ның сайтында расталады.

4 мен 20 тамыз аралығында өткізілетін түсу емтиханының сертификаты ағымдағы күнтізбелік жылғы 1 желтоқсанға дейін жарамды болады.

18 қараша мен 11 желтоқсан аралығында өткізілетін түсу емтиханының сертификаты келесі күнтізбелік жылғы 1 наурызға дейін жарамды болады.

18-2. TOU алқалық басқару органымен эссе тақырыптарын, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша сұрақтарды түсу емтихандары басталғанға дейін екі ай бұрын бекітеді және TOU -ның ресми сайтында алқалық басқару органы бекіткен эссе тақырыптарын, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша сұрақтарды орналастырады.

18-3. Қосымша тестілеуді және түсу емтиханын өткізу үшін жергілікті жерлерде қосымша тестілеуді және түсу емтиханын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі өңірлік мемлекеттік комиссиялар құрылады, оларды ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Өңірлік мемлекеттік комиссияның төрағалары болып TOU -ның басшылары тағайындалады.

Өңірлік мемлекеттік комиссияның құрамына құқық қорғау органдарының, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді.

Бұл ретте мемлекеттік комиссия құрамына күнтізбелік жылы жақын туыстығы Кодекспен белгіленген қосымша тестілеу және түсу емтиханын тапсыратын адамдардың туыстары кірмейді.

Өңірлік мемлекеттік комиссия мүшелерінің саны бес адамды құрайды.

Өңірлік мемлекеттік комиссия қосымша тестілеуді және түсу емтиханын өткізу кезінде:

1) қосымша тестілеуге және түсу емтиханына кіргізу кезінде және қосымша тестілеуді және түсу емтиханын өткізу кезеңінде қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етеді;

2) қосымша тестілеу мен түсу емтиханын өткізу кезеңінде медициналық персоналдың жұмысын ұйымдастырады;

3) көру қабілеті, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған мүгедектігі бар тұлғалар үшін түсу емтиханы шеңберінде тапсырылатын пән оқытушысы болып табылмайтын көмекші және (немесе) есту қабілеті бұзылған мүгедектігі бар тұлғалар үшін ымдау тілін меңгерген маман беруді ұйымдастырады;

4) қосымша тестілеу және түсу емтиханын өткізу кезінде шкафтардағы (ұяшықтардағы) түсушілердің жеке заттарының сақталуын қамтамасыз етеді;

5) қосымша тестілеу және түсу емтиханына түсушілерді кіргізу процесіне қатысады.

Бұл ретте, өңірлік мемлекеттік комиссия төрағасы мен мүшелері қосымша тестілеу және түсу емтиханы процесіне қатыспайды.

18-4. Докторантураға түсетін адамдар үшін әңгімелесуді TOU "Эссе жазу" және "Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар" блоктары бойынша түсу емтихандарын тапсырғанға дейін дербес жүргізеді.

Әңгімелесу оқуға түсушінің кәсіби және жеке қасиеттерін, ғылыми - зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмыстарын жүргізу әлеуетін бағалауға бағытталған.

Әңгімелесу міндетті түрде бейне байланысты пайдалана отырып, қашықтықтан жүргізіледі. Бейнежазба архивте кемінде үш жыл сақталады.

Әңгімелесу емтихан комиссиясының төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

Оқуға түсуші әңгімелесуге келмеген жағдайда 0 балл қойылады, хаттамамен ресімделеді, оған емтихан комиссиясының төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды.

19. Докторантураға түсу емтихандарын өткізу кезеңінде – TOU -да білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары құрылады. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

20. Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары тиісті бейінге сәйкес TOU профессор-оқытушылық құрамының, ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі бар немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар TOU қызметкерлерінің қатарынан қалыптастырылады.

Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

Емтихан комиссиясының құрамы олардың төрағалары көрсетіле отырып TOU басшысының бұйрығымен бекітіледі.

TOU -ның емтихан комиссиялары жұмыстарды түсушінің жеке коды бойынша тексереді және қарау нәтижелерін ақпараттық жүйе арқылы ҰТО-ға нәтижелерді одан әрі жариялау үшін жібереді.

"Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы" білім беру салаларының білім беру бағдарламаларының топтары бойынша докторантураға түсушілер, сондай-ақ "Гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар", "Бизнес және басқару" кадрларын даярлау бағыттары бойынша түсуші тұлғалар білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарының бөлімін тапсырады және Ережелерге 7-қосымшаға сәйкес балдарды аудару шкаласына сәйкес GRE Graduate Record Examinations (грэдуэйт рекорд экзаменейшен) стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты болған кезде эссе жазудан босатылады.

Стандартталған GRE тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар тұлғалар түсу емтиханы мен конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде деректерді енгізуі керек.

Сертификат балдарын эссе жазуу балдарына ауыстыруу білім беруу грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін өтініш берілген кезде және TOU -ға ақылы негізде оқуға қабылдау кезінде жүзеге асырылады.

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалылығын және жарамдылық мерзімін TOU -ның қабылдау комиссиялары тексереді.

3-параграф. Апелляциялық комиссиялардың жұмысы

21. Апелляциялық комиссия докторантураға түсуші тұлғалардан емтихан материалдарының мазмұны мен техникалық себептері бойынша түскен өтініштерді қабылдайды және қарайды.

Республикалық апелляциялық комиссия магистратураға түсетін тұлғалардың тест тапсырмаларының мазмұны мен техникалық себептері бойынша өтініштерін қарайды.

Апелляциялық комиссия және (немесе) Республикалық апелляциялық комиссия түсу емтиханының немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары топтары бойынша КТ нәтижелеріне шағымданатын адамның өтініші туралы шешім қабылдайды.

22. Докторантураға, магистратураға түсуші тұлғалардан апелляцияға өтініш апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке немесе ҰТО-ның ақпараттық жүйесі арқылы беріледі.

Өтініштер докторантураға түсу емтихандары, КТ нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күні сағат 13:00-ге дейін қабылданады және TOU -ның апелляциялық комиссиясы өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде қарайды.

Магистратураға түсу үшін электрондық форматтағы КТ кезінде апелляцияға өтінішті тестілеуге қатысқан тұлға ҰТО ақпараттық жүйесі арқылы:

- техникалық себептер бойынша тестілеу кезінде;
- мазмұны бойынша тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде береді.

22-1. Докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханы бойынша апелляцияға өтініш нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13:00-ден 13:40-ға дейін ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдардың базасында қабылданады.

